БЕКІТЕМІН
Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат
вице-министрі
_____ Е. Тоқтағұлов
«__» _____ 2026 жыл

Конкурстық құжаттамаға 16-қосымша

«Құжаттардың бірыңғай электрондық архиві» ақпараттық жүйесі үшін ақпараттық қауіпсіздіктің жедел орталығының қызметтеріне арналған Техникалық ерекшелік

Тапсырыс берушінің атауы	«Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі» мемлекеттік мекемесі
Ұйымдастырушының атауы	«Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі» мемлекеттік мекемесі
Конкурстың №	-
Конкурстың атауы	«Құжаттардың бірыңғай электрондық архиві» ақпараттық жүйесі үшін ақпараттық қауіпсіздіктің жедел орталығының қызметтері
Лоттың №	-
Лоттың атауы	Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қызметтер
Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы кодының атауы	801019.000.000010

Қызметтің атауы:	«Құжаттардың бірыңғай электрондық архиві» ақпараттық жүйесі үшін ақпараттық қауіпсіздіктің жедел орталығының қызметтері
Өлшем бірлігі:	Бір қызмет
Саны (көлемі):	1
Қосылған құн салығын есепке алмағандағы бірлік бағасы	-
Қосылған құн салығын есепке алмағанда, сатып алу үшін бөлінген жалпы сома	-
Қызмет көрсету мерзімі	Шарт күшіне енген күннен бастап 2027 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанда, бірақ кемінде 15 күнтізбелік күннен кем болмауы тиіс.
Аванстық төлем мөлшері	-
Кепілдік мерзімі (айлармен)	12 ай

Талап етілетін сипаттамалардың, параметрлердің және өзге де бастапқы деректердің сипаттамасы:	**1. Жалпы талаптар** 1.1. Сатып алынатын қызметтердің атауы: «Құжаттардың бірыңғай электрондық архиві» ақпараттық жүйесі үшін ақпараттық қауіпсіздіктің жедел орталығының қызметтері (бұдан әрі - АҚЖО) 1.2. Сатып алу нысанасы ақпараттық қауіпсіздіктің жедел орталығының (АҚЖО) қызметтері болып табылады, олар ақпараттық қауіпсіздік инциденттерін мониторингтеу, талдау және оларға ден қоюды қамтамасыз етуге бағытталған. Жабдықты, бағдарламалық қамтамасыз етуді және лицензияларды жеткізу көрсетілген қызметтерді көрсету үшін қажетті көлемде ғана жүзеге асырылады және сатып алудың негізгі нысанасына — АҚЖО қызметтерін көрсетуге қатысты қосалқы сипатта болады. 1.3. Қызмет көрсету орны: «Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі» мемлекеттік мекемесі, Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы 8, 14 кіреберіс 1.4. Сатып алынатын қызметтердің сипаттамасы және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары:

1.4. **Негізгі терминдер мен анықтамалар:**

– **АҚ** – ақпараттық қауіпсіздік.

– **SIEM** (Security Information and Event Management) – қауіпсіздік оқиғалары туралы ақпаратты жинауға және талдауға арналған бағдарламалық өнімдердің сыныбы.

– **АТ** – ақпараттық технологиялар.

– **ITIL** – АТ-мен байланысты бизнес-үдерістерді басқару, баптау және үздіксіз дұрыстау әдіснамасы.

– **SLA** – қызмет көрсету деңгейі туралы келісім.

– **FQDN** – толық домендік атау.

– **Байланыстылық** – компьютерлер арасындағы өзара әрекеттесу мүмкіндігі.

– **АЖ** – ақпараттық жүйе.

– **VPN** – виртуалды жеке желі.

– **АҚҰҰО** – «Мемлекеттік техникалық қызмет» АҚ Ақпараттық қауіпсіздіктің ұлттық үйлестіру орталығы.

– **Оқиға** – стандартты қызметтердің бір бөлігі болып табылмайтын және қызметтер сапасының үзілуіне немесе төмендеуіне әкелуі мүмкін кез келген оқиға.

▪ **ТЕ** – техникалық ерекшелік.

Қызметтер көрсету Тапсырыс берушінің АТ-инфрақұрылымының АҚ-ның қазіргі заманғы қатерлерінен қорғалу деңгейін арттыруға, сондай-ақ ақ АҚ оқиғаларының туындау тәуекелдерін барынша азайту бойынша алдын алу шараларын жүргізуге бағытталған.

Қызметтер көрсету шеңберінде мынадай міндеттер шешілуі тиіс:

• Тапсырыс берушінің инфрақұрылымында Қызметтер компоненттерін өрістетуді қоса алғанда, оқиғалар мониторингін және АҚ оқиғаларын өңдеуді ұйымдастыру және жүзеге асыру.

Осы техникалық ерекшелік (бұдан әрі – ТЕ) жоғарыда көрсетілген міндеттерді шешуді қамтамасыз ететін Қызметтерді көрсетуге қойылатын жалпы және жеке талаптарды қамтиды.

Ақпарат таралып кететін техникалық арналарды және арнайы техникалық құралдарды ақпараттық қауіпсіздіктің жедел орталығымен анықтау бойынша көрсетілетін қызметтер, оның ішінде:

- қосылатын оқиға көздерінің жиынтық саны 50-ден (елуден) аспайтын оқиғалар мен желілік ағындар коллекторларын (LOG/FLOW Collector) ұсыну;

Өнім беруші АҚЖО-ның техникалық құралдарын жеткізуді, орнатуды, қосуды және баптауды жеткізу мен енгізудің нақты көлемін ескере отырып, 15 күнтізбелік күн ішінде, бірақ Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 569-тармағында белгіленген ең төменгі мерзім өткеннен ерте емес жүзеге асырады.

Орнату, қосу және баптау фактісі Тапсырыс беруші мен Өнім беруші қол қойған жазбаша актімен ресімделеді.

1.5. Тапсырыс беруші осы ТЕ-нің 3.6-тармағында белгіленген мерзімде қажетті ресурстарды ұсынады және көздердің қосылуын қамтамасыз етеді.

2. Қызметтерге қойылатын талаптар

2.1. Қызметтер көрсету шеңберінде мынадай функциялар мен қосымша сервистер қолжетімді болады:

1) Өнім берушінің SIEM жүйесіне қосылған Тапсырыс берушінің серверлік жабдықтарында және желілік құрылғыларында тіркелген АҚ оқиғаларын мониторингілеу;

2) Мониторинг аймағында АҚ оқиғаларын анықтау;

3) Тапсырыс берушіні анықталған оқиғалар, оларға ден қою әдістері туралы хабардар ету, сондай-ақ оларды жою жөнінде ұсынымдар беру;

4) Оқиғаларға ден қою үдерісінде сараптамалық қолдау көрсету;

5) Тапсырыс берушінің АТ-инфрақұрылымын осалдықтардың бар-жоғына сканерлеу — айына кемінде 1 (бір) рет (кемінде 512 бірегей IP-мекенжай);

6) Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша Қызметтер көрсету мерзімі ішінде 2 (екі) рет Тапсырыс берушінің АТ-инфрақұрылымына енуге тестілеу және оның қорғалуын талдау (кемінде 128 бірегей IP-мекенжай);

7) АҚ сыни оқиғаларын тексеру кезінде кеңес беру;

8) Ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестікті растау сынақтарынан өту бойынша көмек көрсету және консультациялар ұсыну;

9) «Құжаттардың бірыңғай электрондық архиві» АЖ үшін ақпараттық қауіпсіздіктің жедел орталығы қызметін көрсету шеңберінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптарға сәйкестігіне ақпараттық қауіпсіздік аудитін жүргізу (шарттың қолданылу мерзімі ішінде 1 (бір) рет), жазбаша есеп пен ұсынымдар ұсыну;

10) Мониторинг аймағына кірмейтін жүйелерге қатысты күдікті оқиғалар анықталған жағдайда, одан әрі тергеп-тексеруді Тапсырыс беруші дербес жүзеге асырады. Өнім беруші қажет болған жағдайда сындылық дәрежесін айқындау үшін Тапсырыс берушіге консультация береді, мәселенің көзін анықтау мақсатында қосымша талдау жүргізеді және Тапсырыс берушінің мамандарына инцидентті жоюға жәрдемдеседі;

11) Есептік деректерді орталықтандырылған сақтауды, қол жеткізу құқықтарының аражігін ажыратуды, артықшылықты сеанстарды басқаруды, сеанстарды жазуды және пайдаланушылардың әрекеттерін журналға тіркеуді қамтамасыз ететін артықшылықты қол жеткізуді басқару және мониторингтеу сервисі (3 (үш) пайдаланушыға);

2.2. Кеңейтілген сараптама

Тапсырыс берушінің сұрау салуы бойынша ТЕ-ке 6-қосымшаға сәйкес мониторинг аймағының қосымша кеңейтілген сараптамасы ұсынылуы мүмкін.

2.3. Қызметтер осы техникалық ерекшелікке сәйкес ақпараттық қауіпсіздік инциденттерін мониторингтеу мен оларға ден қоюдың мынадай құралдарын пайдалана отырып көрсетіледі::

- ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларын басқару жүйесі (SIEM);
- басқару және артықшылықты қолжетімділік мониторингі сервисі;
- осалдықтар сканері (Vulnerability Scanner).

2.4. Ұсынылатын қаражат шарттың қолданылу мерзіміне шешімдерді өндірушілердің техникалық қолдауымен сүйемелденуі тиіс, бұл тапсырыс берушіге ұсынылатын веб-ресурстарға (бар болса) сілтемелері бар өндірушінің немесе оның ресми өкілінің (дистрибьютордың) ресми хатымен расталуы тиіс.

2.5. Қызметтер көрсету шеңберінде туындауы мүмкін оқиғалар шегінің деңгейі.

Әрбір АҚ оқиғасы үшін техникалық ерекшелікке осы ТЕ-ке № 2 қосымшаға сәйкес басымдық белгіленеді. АҚ оқиғаларына ден қою техникалық ерекшелікке осы ТЕ-ке № 3 қосымшада келтірілген уақытша сипаттамалармен айқындалған мерзімде жүзеге асырылады.

3. Өнім беруші міндетті:

3.1. Төмендегіні қоса алғанда, Тапсырыс беруші толтырған сауалнама парағының негізінде қосылатын ақпараттық жүйелер (АЖ) бөлігінде Тапсырыс берушінің АТ-инфрақұрылымына талдау (зерттеу) жүргізу:

1) ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларының қосылатын көздерінің (бұдан әрі - көздер) құрамы бойынша ұсынымдар беру;
2) Өнім берушінің білім базасына сәйкес стандартты және стандартты емес көздерді типтеу;
3) Тапсырыс берушінің шабуылдарды анықтаудың қолданыстағы сценарийлерін қосуға және жаңа сценарийлерін әзірлеуге қажеттілігін айқындау;
4) талап етілетін лицензиялардың көлемін анықтау.

Осы кезеңде мынадай мәліметтер жинақталуы тиіс:

1) көздің атауы;
2) көздің функционалын сипаттау (АЖ-ге қатыстылығы);
3) орналастыру алаңы;
4) өндіруші/марка/модель;
5) ОЖ түрі/нұсқасы;
6) БЖ түрі/нұсқасы;
7) FQDN;
8) IP-мекенжай.

3.2. Осы техникалық ерекшелікке сәйкес ұйымдастырушылық-техникалық шешімдер айқындалуы және әзірленуі тиіс:

1) Қызметтер көрсетудің нысаналы архитектурасы;
2) файлдық сақтау орындарының сыйымдылығын есептеуді қоса алғанда, Тапсырыс беруші бөлетін есептеу ресурстарына қойылатын техникалық ерекшеліктер мен талаптар;
3) Қызметтер компоненттерін өрістету тәртібі, оның ішінде Тапсырыс берушінің алаңында;
4) Тапсырыс беруші мен киберқатерлерге мониторинг және ден қою орталығының алаңында Қызметтер құрауыштарының желіаралық өзара іс-қимылының тәртібі мен ұйымдастырылуы.

	3.3. Өнім беруші көздерді қосуды орындауы керек: 1) Тапсырыс беруші мен Өнім берушінің алаңы арасында келісілген параметрлер бойынша Өнім берушінің жабдығында қорғалған VPN-қосылуды (бұдан әрі - VPN-қосылыс) ұйымдастыру. Бөлінген алаңдар арасында L3 байланысы болмаған жағдайда олардың әрқайсысымен VPN-қосылыстарды орнатуды қамтамасыз ету қажет; 2) SIEM-жүйе компоненттерін орнатуды жүргізу. Қажет болған жағдайда Тапсырыс берушіге есептеу ресурстарына, сақтаудың кіші жүйелеріне қойылатын талаптарды және Қызметтердің қосымша компоненттерін орнату үшін конфигурациялау жөніндегі ұсынымдарды ұсыну; 3) Тапсырыс берушінің АТ-инфрақұрылымына SIEM конфигурациялауды және бейіндеуді орындау, бұл ақпараттық қауіпсіздіктің бұзушылықтары мен оқиғаларын анықтау сценарийлерінің жұмыс қабілеттілігіне кепілдік береді; 4) көздерді ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларын мониторингілеу және талдау сервисіне қосу жөніндегі нұсқаулықтарды жіберу; 5) стандартты емес көздер үшін 3 (үш) жеке адаптерге дейін әзірлеу; 6) Тапсырыс берушінің Өнім берушімен келісілген ерекше сұрау салулары негізінде оқиғалар мен корреляция қағидаларының санаттарын кеңейтуді қоса алғанда, шабуылдарды анықтаудың жаңа сценарийлерін әзірлеу; 7) осы техникалық ерекшелікке сәйкес SIEM-жүйесінің компоненттері, көздер мен өнім берушінің алаңы арасындағы желілік байланысты тексеруді жүргізу. **3.4.** Мониторинг және киберқатерлерге ден қою орталығының базасында Өнім беруші міндетті: 1) барлық түрлі оқиға көздерінен келіп түсетін бірыңғай «кіру нүктесі» болып табылатын кезекші ауысымның бірінші желісі талдаушыларының күшімен 24/7 режимінде ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларын талдауды қамтамасыз етуге. Бірінші желінің талдаушылары ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларын өңдеуді, жалған іске қосылуларды бастапқы тексеруді, бастапқы талдау жүргізуді және оқыс оқиғалар санаттары мен қағидалар негізінде ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларын бөліп көрсетуді, ITIL стандарттарына сәйкес (санаттау, басымдық беру, SLA) оқиғаларды тіркеуді және кейіннен сүйемелдеуді қамтамасыз етуге тиіс; 2) Тапсырыс берушінің алаңында да, Өнім берушінің алаңында да орнатылған SIEM-жүйе компоненттерінің жай-күйінің мониторингі; 3) VPN-арнасының жай-күйіне мониторинг жүргізу; 4) 8/5 режимінде екінші желі талдаушыларының күшімен оқиғаларды өңдеу бойынша ұсынымдар беру, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздіктің типтік оқиғаларын шешу. Осы үрдіс шеңберінде мамандандырылған құралдарды пайдалана отырып тереңдетілген талдау жүргізу, сондай-ақ Тапсырыс берушінің инфрақұрылымындағы өзгерістерге сәйкес корреляция қағидаларын бейімдеу қамтамасыз етілуге тиіс. Қажет болған жағдайда, Тапсырыс берушінің сұрау салуы бойынша корреляция қағидаларына ерекшеліктер қосу;

5) үшінші сараптамалық желінің күшімен сыни деңгейдегі оқиғаларды тергеп-тексеруді жүргізу, расталған оқиғаларды жою жөнінде ұсынымдар беру, сондай-ақ ретроспективті талдау жүргізу және релевантты қауіп-қатерлер мен шабуылдар, оларды анықтау және қарсы іс-қимыл тәсілдері туралы ақпаратты өзектендіру;

6) Киберқауіпсіздік инциденттері мен қатерлерін сараптау, техникалық тергеп-тексеру;

7) Киберқауіпсіздік инциденттері мен қатерлеріне сараптама жүргізу, техникалық тергеп-тексеру;

8) Киберқауіпсіздік қатерлерін мониторингтеу, талдау және болжау;

9) Киберқауіпсіздік инциденттерінің салдарын оқшаулау және бейтараптандыру;

10) Тапсырыс берушінің инфрақұрылымында оқиға анықталған жағдайда, оқиға туралы ақпаратты АҚҰҰО-ға беруді қамтамасыз етуге;

11) әрбір анықталған ақпараттық қауіпсіздік оқиғасы бойынша бір байланыс арнасы бойынша есептілікті ұсыну: электрондық пошта, телефон қоңырауы.

3.5. Тапсырыс берушіге ден қою және ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларын басқару жүйелерінің интерфейсіне қол жеткізуді ұсыну қамтамасыз етілуі тиіс. Жеке кабинеттің функционалы мыналарды қамтуы тиіс:

1) оқиғалардың мәртебесі бойынша өзекті ақпаратқа қол жеткізу;
2) оқиғаларды дербес тіркеу мүмкіндігі;
3) орын алған оқиғалар бойынша статистиканы қарау;
4) әрбір анықталған оқиға бойынша есептілік;
5) Өнім берушіден есептер мен хабарламалар алу.

3.6. Тапсырыс беруші шарт күшіне енген күннен бастап 14 (он төрт) жұмыс күні ішінде Қызметтерді енгізу үшін Өнім беруші сұратқан қажетті ресурстарды ұсынуға және бөлуге, сондай-ақ көрсетілген мерзімде барлық қажетті көздердің SIEM жүйесіне қосылуын қамтамасыз етуге міндетті.

3.7. Өнім беруші Тапсырыс берушінің көмегімен қызмет көрсету үшін қажетті компоненттер мен Тапсырыс берушінің АТ-инфрақұрылымы арасындағы желілік байланысты ұйымдастыруға міндетті.

3.8. Өнім беруші Тапсырыс берушімен келісілген параметрлер бойынша Тапсырыс берушінің алаңы мен Өнім берушінің алаңы арасында Тапсырыс берушінің жабдығында қорғалған VPN-қосылысын ұйымдастыруға тиіс.

3.9. Өнім беруші ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 3 (үшінші) күнінен кешіктірмей, ал желтоқсан айының есебін 2027 жылғы 20 желтоқсаннан кешіктірмей Тапсырыс берушіге жабдық орналастырылған әрбір алаң бойынша көрсетілген Қызметтер туралы егжей-тегжейлі есептерді ілеспе хатпен бірге, Тапсырыс берушінің кеңсесінде міндетті түрде тіркей отырып ұсынуға міндетті.

4. Өнім беруші мен Тапсырыс берушінің өзара әрекеттесуі

4.1. АҚ қамтамасыз ету мәселелері бойынша Өнім беруші мен Тапсырыс беруші арасындағы өзара әрекеттесу тәртібін белгілейтін және АҚ оқиғаларын анықтауға және оларға ден қоюға байланысты рәсімдерді сипаттайтын Регламент әзірленеді.

4.2. Өнім беруші мен Тапсырыс берушінің мониторинг орталығының өзара әрекеттесуі:

1) көрсетілетін қызметтердің талап етілетін сапа параметрлеріне сәйкес келмеуіне өтінімдерді тіркеу;

2) сервисті қалпына келтіру үрдісін ұйымдастыру;

3) екі тараптың жауапты басшыларын қызметтердің талап етілетін сапасын қалпына келтіруге байланысты мәселелерді шешу барысы туралы өзара хабардар ету.

4.3. Өнім беруші тәулігіне 24 сағат, аптасына 7 күн қызмет көрсетуге міндетті.

4.4. АҚЖО қызметін көрсету кезеңінде Өнім беруші мен Тапсырыс беруші арасындағы жауапкершілік аймақтарының аражігін ажырату техникалық ерешелікке осы ТЕ-ке №5 қосымшада көрсетілген.

4.5. Оқиғаларды анықтау кезіндегі Тараптардың өзара әрекеттесу рәсімі

Оқиғаны Тапсырыс беруші анықтаған жағдайда, ол регламентте көрсетілген Өнім берушінің техникалық қызметінің байланыс деректері бойынша Өнім берушіні хабардар етеді. Өнім беруші оқиғаны тіркейді және Тапсырыс берушіге мынадай деректерді хабарлайды:

1) тіркелген оқиғаның нөмірі;

2) тіркеу уақыты;

3) тақырып (қысқаша сипаттама);

4) оқиға туралы ақпарат;

5) оны жою жөніндегі ұсынымдар.

4.6. Тапсырыс берушіден оқиға туралы хабарлама Өнім берушіге электрондық пошта арқылы жіберіледі.

АҚ оқиғасына ден қою деп оқиғаның тетіктерін анықтауға, зиянды барынша азайтуға және оқиғаның болашақта қайталануын болдырмауға бағытталған іс-қимылдардың құрылымдалған жинағы түсініледі. АҚ оқиғаларын анықтау және оларға ден қою жөніндегі іс-қимылдар, сондай-ақ олардың реттілігі техникалық ерекшелікке осы ТЕ-ке № 1 қосымшада берілген.

4.7. Тапсырыс берушінің өтініштерін тіркеу кезінде Тараптардың өзара әрекеттесу рәсімі

Тапсырыс берушіге техникалық ерекшелікке осы ТЕ-ке № 4 қосымшада көрсетілген көрсеткіштерге сәйкес сұрау салуларды жіберу мүмкіндігі беріледі. Бұл үшін Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілі хат тақырыбында сәйкестендіргішті көрсете отырып, Өнім берушінің электрондық мекенжайына мынадай пішімде сұрау салу жіберуі тиіс:

1) Хат тақырыбы: сәйкестендіргіш (сервис-менеджер ұсынады), сұраудың қысқаша мәні.

2) Хат денесі: сұрау салудың егжей-тегжейлі сипаттамасы, сұрау салудың басымдығын көрсету.

5. Қызметтерді тиісінше көрсету шарттары

5.1. Қызметтер көрсетуде үзілістерге әкеп соққан оқиғалар мен басқа да мән-жайлар үшін, егер олар мынадай себептердің бірінен туындаса, Өнім беруші жауапты болмайды:

1) Тапсырыс берушіні алдын ала хабардар ете отырып, Қызметтер көрсетуге қатысатын жабдықта жоспарлы немесе апаттық жөндеу жұмыстарын жүргізу;
2) Тапсырыс берушінің сұрауы бойынша Тапсырыс беруші немесе Өнім беруші жүргізетін Қызметтерді көрсетуге қатысатын жабдықтардағы жұмыстар;
3) Ешқандай оқыс оқиғалар анықталмаған жағдайда Тапсырыс берушінің сұрау салуы бойынша Қызметтерді тестілік көрсету;
4) Тапсырыс берушінің Қызметтер көрсету деңгейінде белгіленген мерзімде Өнім берушіге оқиғаларды анықтауға және жоюға жәрдемдесуді қамтамасыз етуден бас тартуы немесе қабілетсіздігі;
5) Тапсырыс берушінің регламент талаптарына сәйкес қызмет көрсету шеңберінде бағдарламалық жасақтаманы немесе жабдықты баптау үшін қажетті деректерді 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде ұсынудан бас тартуы немесе қабілетсіздігі;
6) Өнім берушіні хабардар етпей, Тапсырыс берушінің қорғалатын ресурстардың құрамына және конфигурациясына олардың уақытша қол жетімсіздігіне және соның салдарынан Қызметтер көрсетудегі үзіліске әкелуі мүмкін өзгерістер енгізу жөніндегі жұмыстарды жүргізуі;
7) Тапсырыс берушінің бағдарламалық және/немесе бағдарламалық-аппараттық жасақтамасының көрсетілетін Қызметтермен жұмысқа қабілетсіздігі немесе үйлеспеушілігі;
8) Шарттың талаптарына сәйкес еңсерілмейтін күш жағдайларының басталуы.

6. Өнім берушінің құқықтары.

6.1. Өнім беруші шабуылдарды анықтау сценарийін іске асыру үшін Тапсырыс берушіден қажетті ақпаратты (оның ішінде АТ-инфрақұрылымы туралы ақпаратты) сұратуға, сондай-ақ бұл ақпаратты жалған іске қосылуларды барынша азайту мақсатында Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау үшін ғана пайдалануға құқылы.

6.2. Сұрау салу Өнім берушімен қалыптастырылады және Тапсырыс беруші тарапынан уәкілетті тұлғаға электрондық пошта арқылы жіберіледі. Сұрау салуда өтініштің себебі көрсетілуге тиіс. Тапсырыс беруші осы сұрау салу бойынша кері байланысты 3 (үш) жұмыс күні ішінде беруге міндетті, қажет болған жағдайда мерзім тараптардың келісімі бойынша түзетілуі мүмкін.

Сұратылған ақпараттың мысалдары мыналарды қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді:
1) DNS-серверлер тізімі;
2) қауіпсіздік сканерлерінің IP-мекенжайлары;
3) интернет желісінен қол жетімді ресурстар тізімі;
4) Тапсырыс берушіге тиесілі жаһандық IP-мекенжайлар тізімі;
5) ақпараттық жүйелер әкімшілерінің есептік жазбаларының тізімі;
6) ақпараттық жүйелер мен ресурстардың иелері туралы ақпаратты;
7) IP-мекенжайдың пайдаланушыға немесе жүйеге тиесілігі туралы деректер.

Ақпарат Тапсырыс берушінің Қызметтерді қосу және Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілдерімен сұхбат жүргізу үшін тиісті сауалнама парақтарын толтыру жолымен ұсынылады.

7. Өнім берушінің жабдықтарына жоспарлы техникалық қызмет көрсету

7.1. Өнім беруші Қызметтер көрсетілетін кіші жүйелерге жоспарлы техникалық қызмет көрсетуді немесе жетілдіруді жүргізуге құқылы. Бұл жұмыстар жоспарлы жөндеу жұмыстары болып саналады және Қызметтер көрсетуде үзілістерге әкелуі мүмкін. Жоспарлы жөндеу жұмыстары 19:00-ден 08:00-ге дейінгі аралықта (Астана қаласының уақыты) не Тапсырыс берушімен келісілген басқа уақытта Қызметтер көрсетуде ықтимал үзіліспен жүргізіледі.

7.2. Өнім беруші Тапсырыс берушіні жұмыстар басталғанға дейін 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей Қызметтер көрсетуде үзілістер тудыруы мүмкін жоспарлы жөндеу жұмыстарын жүргізу туралы хабардар етуге міндеттенеді. Жұмыстар Тапсырыс берушінің сұрауы бойынша орындалатын жағдайлар, сондай-ақ егер жоспарлы жөндеу жұмыстары Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының немесе құзыретті телекоммуникациялық органдарының талабы бойынша жүргізілсе, Өнім беруші көрсетілген мерзімде хабарлай алмайтын жағдайлар бұған жатпайды.

7.3. Тапсырыс беруші қажет болған жағдайда техникалық мүмкіндік болған кезде Өнім беруші ескеретін жұмыстарды жүргізу мерзімдерін түзету жөнінде ұсыныстар жібере алады. Өнім беруші жіберген хабарламада мынадай ақпарат көрсетіледі:

жоспарлы жөндеу жұмыстарын жүргізу уақыты;

1) жұмыстарды жүргізу күні;
2) жұмыстың ұзақтығы;
3) жұмыстар туралы ақпарат беретін жауапты тұлғаның байланыс деректері;
4) Тапсырыс беруші қызметкерлерінің жұмыстарға, мысалы, Тапсырыс берушінің ақпараттық жүйелерінің жұмысқа қабілеттілігіне тексеру жүргізу үшін қатысу қажеттілігі.

7.4. Тапсырыс беруші жұмыстарға қатысу үшін жауапты қызметкерлер бөлуге міндеттенеді. Қызметкерді көрсетілген мерзімде тарту мүмкін болмаған жағдайда, Тапсырыс беруші жұмыстарды жүргізу мерзімдерін түзету жөнінде ұсыныстар жібереді.

7.5. Егер жоспарлы жұмыстар тоқтатылса, Өнім беруші Тапсырыс берушіні шешім қабылданғаннан кейін қысқа мерзімде хабардар етеді.

7.6. Тапсырыс беруші, сондай-ақ, егер бұл жұмыстар қорғалатын ресурстардың уақытша қол жетімсіздігіне және соның салдарынан Қызметтер көрсетудегі үзіліске әкеп соғуы мүмкін болса, Өнім берушіні ол өз жабдығында жоспарлы жұмыстар жүргізілетіні туралы хабардар етуге міндетті. Хабарлама жұмыс басталғанға дейін 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберілуге тиіс.

Тапсырыс берушінің хабарламасында келесі ақпарат көрсетілуі тиіс:

1) жоспарлы жұмыстарды жүргізу уақыты мен күні;
2) жұмыстың ұзақтығы;
3) жұмыстар туралы ақпарат беретін жауапты тұлғаның байланыс деректері.

7.7. Жоспарлы жұмыстарды жүргізу мерзімдері өзгерген жағдайда Тапсырыс беруші Өнім берушіні қысқа мерзімде, бірақ жұмыс басталғанға дейін 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етуге міндетті. Жоспарлы жұмыстарды тоқтату кезінде Тапсырыс беруші Өнім берушіні қысқа мерзімде хабардар етуге міндетті.

7.8. Тапсырыс берушіден немесе Өнім берушіден барлық хабарламалар регламентте көрсетілген уәкілетті өкілдердің электрондық мекенжайларына жіберілуі тиіс.

8. Өнім берушінің жабдықтарындағы апаттық жөндеу жұмыстары

8.1. Базасында Қызметтер көрсетілетін кіші жүйелердің апаттық жөндеу жұмыстары Қызметтер көрсетуде кезеңдік үзілістер немесе болашақта апаттық жағдайға әкеп соғуы мүмкін сапа параметрлерінің едәуір нашарлауы тіркелген жағдайларда жүргізіледі.

8.2. Өнім беруші Тапсырыс берушіні апаттық жөндеу жұмыстарын жүргізу туралы олар басталғанға дейін кемінде 4 (төрт) сағат бұрын хабардар етуге міндетті.

8.3. Тапсырыс беруші, өз кезегінде, егер олар қорғалатын ресурстардың уақытша қол жетімсіздігіне және соның салдарынан Қызметтер көрсетудегі үзіліске әкеп соғуы мүмкін болса, Өнім берушіні өз жабдығында апаттық жөндеу жұмыстарын жүргізу туралы хабардар етуге міндетті. Хабарлама жұмыс басталғанға дейін кемінде 2 (екі) сағат бұрын жіберілуге тиіс.

8.4. Хабарламалар осы техникалық регламентте көрсетілген уәкілетті өкілдердің электрондық мекенжайларына жіберіледі. Хабарламада мыналар көрсетілуі тиіс:

1) апаттық жөндеу жұмыстарының уақыты, күні және ұзақтығы;
2) жүргізілетін жұмыстар туралы ақпарат беретін жауапты тұлғаның байланыс деректері;
3) Тапсырыс беруші қызметкерлерінің апаттық жөндеу жұмыстарына қатысу қажеттілігі туралы ақпарат (егер жұмыстарды Өнім беруші жүргізсе).

9. Тапсырыс берушіде бар зиянды немесе күдікті объектілерді талдау:

9.1. Зерттеу объектісі: бір күдікті файл. Құрамдас файлдарды (архивтерді) талдау жағдайында жалпы архив емес, архив құрамына кіретін әрбір жеке файл зерттеу объектісі болып табылады. Егер құрамдас орындалатын файлдар (өздігінен ашылатын архивтер, инсталляторлар) талданса, зерттеу объектісі осы архивтердің немесе инсталляторлардың функционалы (сценарийі) болып табылады. Егер алынған файлдардың функционалын зерттеу қажет болса, олардың әрқайсысы жеке зерттеу объектісі ретінде қарастырылады.

9.2. Зерттеу көлемі: Тапсырыс берушінің талабы бойынша.

	9.3. Зерттеулерді жүргізудің негізгі ықтимал кезеңдері (кезеңдер олардың орындылығына, қолданылуына қарай, файлдың пішімімен құрылымын, сондай-ақ зерттеу міндеттерін шешу қажеттілігін ескере отырып жүргізіледі. Бұл нақты файлды талдау кезінде барлық көрсетілген кезеңдер орындалмауы мүмкін, бірақ зерттеу мақсаттарына қол жеткізуге мүмкіндік беретін кезеңдер орындалуы тиіс дегенді білдіреді: **9.4.** Объектіні базалық статистикалық зерттеу: 1) Файл пішімі мен өлшемін анықтау; 2) Хэш-сомаларды есептеу (MD5, SHA-256); 3) Цифрлық қолтаңбаның болуын айқындау; 4) Файлдағы жолдарды алу және талдау; 5) Файлды компиляциялау құралдарын сәйкестендіру; 6) Импортталған функцияларды, секцияларды, компиляция уақытын және басқа да уақыт белгілерін қоса алғанда, файл тақырыбын талдау (егер мұндай деректер бар болса). **9.5.** Ашық көздер бойынша деректерді іздеу: 1) Google.com және Virustotal.com көмегімен объектіні сәйкестендіретін хэш-сомаларды іздеу (Тапсырыс берушінің келісімі бойынша объектіні ресурсқа жүктеумен немесе жүктеусіз); 2) Google.com және басқа да сервистерді пайдалана отырып, объектіде қамтылған ерекше жолдарды іздеу. Мұндай жолдардың тізімін зерттеу объектісінің ерекшеліктеріне байланысты талдаушы таңдайды. **9.6.** Тереңдетілген статикалық және қажет болған жағдайда динамикалық талдау: 1) Талдау объектісінің дизассемблирленген, декомпилирленген немесе өзге де қолжетімді кодын зерттеу (файл пішіміне байланысты); 2) Қажет болған жағдайда және техникалық мүмкіндік болған кезде - объектіні оқшауланған виртуалды ортада, интернетке қол жеткізумен немесе қол жеткізусіз дұрыстауды жүргізу (Тапсырыс берушінің келісімі бойынша). **9.7.** Компрометация сәйкестендіргіштерін бөлу (зиянды функционал анықталған жағдайда): 1) Жинақталған ақпаратты құрылымдау және зерттелетін объект жұққан жүйеде анықталуы мүмкін индикаторлардың мынадай ықтимал топтарын бөліп анықтау: мьютекстердің, файлдардың, тізілім кілттерінің, процестердің атаулары, IP-мекенжайлар, домендік атаулар, есептік деректер, зиянды БҚ жасайтын пайдаланушылардың аттары мен құпия сөздері. **9.8.** Зерттелетін объектінің функционалдық сипаттамасы: 1) Объектіні оның таралу мүмкіндіктері мен орындайтын функциялары бойынша жіктеу (мысалы: троян, құрт, вирус, бэкдор, тиегіш және т.б.). Зиянды функционал анықталған жағдайда бұл сипатталады немесе егер зерттеу оның бар екенін растамаса, оның жоқтығы көрсетіледі. **9.9.** Объектіні бейтараптандыру үшін ұсынымдар дайындау: 1) Егер объектіде зиянды функционал болса, объектінің жұқтыруын анықтау, оны бейтараптандыру және жүйелерді (жұмыс станцияларын, серверлерді немесе басқа жабдықтарды) қалпына келтіру үшін ұсынымдар қалыптастыру. Егер зиянды функционал анықталмаса, бұл да көрсетіледі.

10. Желілер арасындағы экранға қойылатын техникалық талаптар

Құрылғылар саны – 1 дана.

- Next Generation Firewall (NGFW) функционалы;
- Қолданбаларды бақылау және веб-трафикті сүзгілеу (Application Control & URL Filtering);
- Шешім Ену әрекеттерінің алдын алу жүйесінің (IPS) функционалын қамтамасыз етуі тиіс;
- IPS жүйесі төмендегі механизмдер негізінде қауіптерді анықтауды қамтамасыз етуі керек:
- Белгілі шабуылдар мен эксплойттарды анықтау үшін сигнатуралық талдау (Signature Analysis);
- Стандартқа сай емес немесе зиянды трафикті анықтау үшін протоколдар аномалияларын бақылау және талдау (Protocol Anomaly Analysis);
- Қолданбалардың қажетсіз белсенділігін бақылау және бұғаттау үшін қолданба басқаруы (Application Control);
- Бұрын белгісіз шабуылдар мен аномалды әрекеттерді анықтау үшін мінез-құлық талдауына негізделген анықтау (Behavior Analysis);
- Қауіптерді проактивті анықтау мүмкіндігі бар антивирустық қорғау (Antivirus);
- Антивирустық шешім зиянды веб-сайттарға қолжетімділікті болдырмауы, сондай-ақ кіріс зиянды файлдарды анықтап, бұғаттауы тиіс (Anti-virus);
- Боттар мен зиянды бағдарламалардан қорғау (Anti-Bot);
- Anti-Bot қосымшасы бірнеше деңгейлі анықтау механизмін қолдануы тиіс, оған IP, URL және DNS мекенжайларының беделі, байланыс протоколдарының үлгілері бойынша боттарды анықтау, сондай-ақ DNS хаттамасындағы шабуылдардан автоматты қорғауға арналған зерделі аналитика механизмдері, соның ішінде DGA-дан қорғау тетіктері кіреді;
- Электрондық поштаны спамнан қорғау (Anti-Spam) зияткерлік талдау негізінде;
- Оқшауланған ортада орындалуын эмуляциялау мүмкіндігімен файлдарды талдау және нөлдік күн қатерлерін анықтауға арналған песочница (sandbox) функционалы;
- Қауіпсіздік шлюзі қосылыстардың күйін бақылау үшін трафиктің егжей-тегжейлі талдауы және қолданбалар жағдайын пайдаланып желілік ағындарды басқаруды қамтамасыз етуі тиіс;
- Шешім DHCP сервері және ретранслятор (relay) режимдерінде жұмыс істеуді қолдауы тиіс;
- Шешім Transparent (Bridge) режимінде жұмыс істеу мүмкіндігін қолдауы тиіс;
- Жергілікті желіге қолжетімділікті шектеу үшін MAC мекенжайларының ақ тізіміне негізделген саясатты қолдау;
- QoS механизмдеріне негізделген саясатты қолдау;
- Белгілі бір IP-дереккөз, IP-мекенжай немесе сервис үшін өткізу қабілетін шектеу немесе кепілдендіру, сондай-ақ кідірістерді басқару мүмкіндігі;

	– VPN-трафик үшін QoS ережелерін икемді баптау мүмкіндігі, оның ішінде артықшылықтарды, өткізу қабілетінің шектеуін немесе кепілдендірілуін орнату; – Шешім веб-қолданбаларды зиянды кодтар мен шабуылдардан қорғау үшін кіріктірілген ену әрекеттерінің алдын алу жүйесінің (IPS) функционалын қамтамасыз етуі тиіс. Жүйе желілік червьтерді, буферді толтыру шабуылдарын, SQL-инъекцияларды, командалық инъекцияларды, сайт аралық скриптингті (XSS) бұғаттауы, сондай-ақ HTTP-червьтерін бұғаттауға арналған баптауға болатын модульді қолдауы тиіс. Сонымен қатар, жүйе каталогтарды айналып өту (Directory Traversal), зиянды немесе дұрыс емес HTTP тақырыптарын (Header Rejection), сондай-ақ зиянды HTTP кодтарын қорғауды қамтамасыз етуі керек; – Шешім HTTP/3 over QUIC протоколын қолдауы тиіс; – Лицензия бар жағдайда құмсалғыш (Sandboxing) функционалы (бұлтта немесе жергілікті бөлінген құрылғыда инспекция) қамтамасыз етілуі тиіс; – Шешім пайдаланушыларды сәйкестендіру және бақылау (Identification & User Control) функционалын қамтамасыз етуі тиіс; – Райдаланушылар идентификаторларын Microsoft Active Directory қауіпсіздік оқиғаларын талдау арқылы алу мүмкіндігі; – Домен құрамына кірмейтін құрылғылар мен пайдаланушылар үшін браузер арқылы идентификатор бойынша аутентификацияны қолдау; – Пайдаланушылар компьютерлеріне саясат бойынша орнатылатын және идентификаторларды қауіпсіздік шлюзіне жіберетін арнайы агент болуы тиіс; – Кіріктірілген VPN қолдауы (Site-to-Site VPN, Remote Access VPN); – Райдаланушыларды Active Directory, RADIUS, LDAP арқылы аутентификациялау; – IP/MAC-мекенжай бойынша пайдаланушыларды аутентификациялау және икемді қауіпсіздік ережелерін қолдау; – Қазақстан Республикасының ақпаратты қорғау саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін заманауи криптографиялық шифрлау және аутентификациялау алгоритмдерін қолдау; – Шешім кемінде келесі Diffie-Hellman топтарын қолдауы тиіс: Топ 1 (768 бит), Топ 2 (1024 бит), Топ 5 (1536 бит), Топ 14 (2048 бит), Топ 19 және Топ 20; – Шешім кіріктірілген сертификаттау орталығын (CA) да, сыртқы үшінші тарап сертификаттау орталықтарын да қолдануды қолдауы тиіс; – Шешім кемінде келесі деректер тұтастығын қамтамасыз ету механизмдерін қолдауы тиіс: MD5, SHA-1, SHA-256, SHA-512 және AES-XCBC алгоритмдерін пайдалану; – Құзыреттерді тиімді бөлу үшін рөлдік қолжетімділікті басқару (RBAC) қолдауы; – Шешім екі факторлы аутентификацияны қамтамасыз етуі тиіс, соның ішінде сыртқы екі факторлы аутентификация жүйелерімен интеграция арқылы немесе өндірушінің кіріктірілген механизмі арқылы;

